

6  
2001



# Зан

Республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журнал



Қазақстаниң Даму Банкі туралы

Қазақстан Республикасының заңы

4-бет



Шағын касіпкерлікті дамыту мен  
қолдаудың 2001–2002 жылдарға  
арналған мемлекеттік бағдарламасы

ҚР Президентің Жарлығы

13-бет



Әділбілік – тауелсіздігімен  
беделді

Заңға түсініктеме

23-бет

**Әбдіжөлел БӘКІР,**  
Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің  
депутаты

## БАҚ бағымызға айналар ма екен?

Еліміз тәуелсіздік алған соңғы он жылдың биігінен қарасақ, қоғамдық өмірдің барлық салалары сияқты ақпарат кеңістігімізде де күрделі өзгерістер болды. Ата заңымызға сөз берен шығармашылық еркіндікке кепілдік берілуі, цензураға тыйым салынуы бұқаралық ақпарат тасқынын дүниеге алып келді. Қазіргі күні республикамызда 1348 бұқаралық ақпарат құралдары бар. Кешегі кеңестік кезеңде ойға да келе қоймайтын мемлекеттік емес жүйелер құрылып, 886 газет-журнал мен телерадио арналары ашылды. Бұрын облыс орталықтарында қазақ және орыс тілінде бірден-бір ғана газет шығатын болса, оның қатары оншақтыға жетті. Бұл, әрине, жалпы куанарлық, құптарлық құбылыс. Бұның тәуелсіздіктің төл нәтижесі екеніне, оған қоғамымызда толық-канды заңдық негіз жасалғанына ешкім дау айта алмайды. Алайда, санға сапасай келмеді. «Демократия», «сөз бостандығы» деген же-леумен осыншалықты дамыған ақпарат кеңістігінде толып жатқан келесіз көріністер де орын алып отыр. Баспасөздің бетін айқын-дайтын, оқырманды көбірек тартудың «тиімді» амалдарының бірі –

«сенсация», «жүртты елең еткізу» деп түсінген кейбір қаламгерсымақтар адамның он екі мүшесін тәптіштеп жазып, «таланттың» танытады. Қазағымызға тән әдептілік, ұттылық, парасаттылық, имандылық деген үғымдар ұмытылып, арзан қол, тіпті көргенсіз дүниелердің бүгінгі отандық ақпарат кеңістігінен орын алуды өкінішті-ақ. Сондай-ақ, бүгінгі республикамыздағы бұқаралық ақпарат құралдарының 14 пайызы ғана таза қазақ тілінде болуы, қазақ және орыс тілінде шығады деп саналатын 500-ге жуық газет-журналдар мен телерадио арналардың негізінде орыс тіліндегілер екені қазіргі кекірегі ояу, таным дүниесін көң үлт көрермендерін қанағаттандырып отырған жоқ. Әсіресе, шетелдерден ақпарат тасқынын төгіп жатқан телерадио арналары тура-лы баспасөз бетінде ылғи да мәселе көтеріліп келеді. Осыдан екі жылдай бұрын Алматы қаласының 70-тей зиялды азаматы Президенттімізге, Парламентке, Үкіметке арнайы ашық хат та жазған-ды. Соның нәтижесінде 1999 жылы қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңын 14-бабының 2-тармақшасына Мәжіліс депутаттары «Порнографиялық және арнаулы сексуалдық эротикалық сипаттағы радио, теледидар бағдарламаларының эфирге шығарылуына, сондай-ақ, кино және бейне өнімінің көрсетілуіне, қатігездік пен зорлықты насиҳаттауға тыйым салынады» деген қосымша қосқан-ды. Алайда, арада жеткілікті уақыт өтседе, жағдай онша өзгере қоймады. Мұның негізгі себебі көптеген телеарна-

лар хабарларының 70-80 пайызын шетелдік ретрансляциялық хабарлар құрайтындығында жатыр. Шынтуайтына келгенде өздерін «тәуелсізбіз» деп атап жүрген, хабарларының оншақты пайызын ғана төл өнімдері құрап отырған телерадио арналарын кәсіби ұжымдар деудің өзі қыын. Кейбір аймақтарда телеарналар тек ретранслятарлық рөл атқарып, өз өнімдерін шығармады. Ал енді телеарналардағы хабарлардың мазмұнына келсек, ертеден кешке дейін, кештен таң атқанша шетелдің өмір салты насиҳатталып, Қазақстан халықтарының мәдени-рухани сұраныстары есепке алынбай, ұлттық менталитетіміз аяқа басылуда. Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың «Ит базары» деген («Қазақ әдебиеті», 16 наурыз 2001 жыл.) әңгімесінде: «Қалада телерарна деген мұндай көп бола ма, қайсысын басып қалсаң да, бірдене көрсетіп жатады. Неше алуан шетелдік фильмдер: қырғын соғыс, ұрыс-тәбелес, тырдай жалаңаш айқасып жатқан ғашықтар» деген бүгінгі шындықты дөп басыпты.

Республика жүртшылығының телерадио арналары алқылы хабарлар мазмұнына алаңдаушылығы негізсіз емес еді. Қазақстанның төлтума мәдени-рухани өнімінің – кітап, газет-журнал, кино, театр, т.б. түрлерінің бүгінгі нарық қыспағындағы жағдайында, теледидар бұрын-соңды кездеспеген ықпалға, құдіретті күшке ие болып отыр. Ес білген баладан еңкейген кәріге шейін теледидар алдында күніне бірнеше сағаттап отырмайтын адам кемде-кем шығар. Телесоциологтар зерттеулеріне қарағанда ең дамыған елдердің өзінде

жеке тұлғаларды қалыптастырудадағы теледидардың рөлі 45 пайыздай екен. Ендеше, теледидар қандай болса – ұлт та сондай болады деген сөз біздің еліміз үшін де айрықша маңызды болып отырғаның ескерте кеткен артық емес.

Тағы бір айта кететін мәселе – 1997 жылы қабылданған «Тіл тұрағы», одан кейінгі «Бұқаралық ақпарат құралдары» заңдардағы электронды ақпарат құралдарының тіл жөніндегі нормалар көптеген телерадио журналистерінің естерінен шығып кетті. Бұл туралы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Үкімет ұсынысына оппонеттердің Парламетке үндеу, хаттар жазғанда жүмған ауыздарын ашпаулары тегіннен тегін емес.

Міне, республикамыздың ақпарат кеңістігінде қалыптасып отырған осындай жағдайда «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Үкімет ұсынысын батыл қадам еді. Жобадағы негізгі мәселенің бірі – «шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өнімінің ретрансляциялық қөлемі телерадио хабарын тарататын арналар бойынша берілетін жалпы хабарлардың 20 пайызынан аспауғатиіс» деген ұсыныс. Бұдан басқа, қоғамға анық хабар берудегі бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ ақпарат беретіндердің жауапкершілігін арттыру, т.б. мәселелер бар еді. Алайда, біздің бүгінгі әңгімеміз «20 пайыздық шектеу» жөнінде болмақшы.

Заң жобасы өткен жылғы қарашада Парламентке түскеннен-ақ республикамыздағы көптеген бұқаралық ақпарат құралдарының

өкілдері, әсіреке тәуелсіз телерадио журналистері, солардың жаңа шырлары Үкімет ұсынысына атой салып, шабуылды бастап жіберді. Олар өздерінше: «Заң жобасындағы өзгерістер мен толықтырулар сез бостандығына жасалған қастандық. Қазақстан Республикасының Конституциясына, еліміздің басқа мемлекеттермен жасалған ақпарат жөніндегі келісімдерінің талабын өрескел бұзу, сол себептен Үкімет бұл құжатты кері қайтарып алуы керек немесе депутаттар оны қабылдамай тастаулары қажет» деп шуласты. Шындығында, заң жобасы олардың ең осал жерлеріне тиіп еді. Мысалдарға жүгіне кетейік. Әр түрлі аймақтардан 26 телаарна жұмысын зерделеп көрдік. Олар тәуілгіне 646 сағат хабар береді екен, оның ішінде төл өнімдері 82 сағат, 654 сағаты ретрансляциялық хабарлар. Ал мемлекеттік тілге келсек, ол бүкіл хабарлардың 2-ден 20 пайызға дейінгі көлемін құрайды. Күнделікті 24 сағаттық хабарларының 2-3 сағаты ғана төл өнімдері болып отырған «Европа+Қазақстан», «Русское радио – Қазақстан» радиоарналары туралы не деуге болады? «Русское радио» өзін «Самое лучшее в Казахстане» деп жарнамалайды. Ойлап көрініздерші, кімдер дауыс көтерулері керек еді? Кімдердің ашынулары қажет еді? Шектентыс салынқандылығымыз-ай! Рас, кейде кешегі құлдық психологиямыз да әсер етпей тұрмайды-ау!

Енді әңгіме болып отырған заң жобасының Мәжілістегі талқылауды туралы бірер сөз. Палата мен комитеттерге, жеке депутаттар атына түсken қарама-қайшы хаттар мен үндеулер тасқыны бұрын-сөнді болмаған жағдайды көрсетti.

Тіпті жекелеген депутаттарға арналы телефондар да соғылды.

Рас, заң жобасындағы көтерілген мәселе оңай емес-ті. Сондықтан арналы құрылған жұмыс тобының алғашқы екі отырысында оның тұжырымдамалық жай-жапсары әңгіме болды. Соңғы үш отырыста салыстырма кестемен жұмыс істелді. Үкімет ұсынған шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өнімінің ретрансляциялау көлемін шектеу жөніндегі заң жобасындағы 14-бапқа толықтыруды принципінде барлық комитеттер қолдағанымен, пайыз мөлшері жөнінде әр түрлі пікірлер болды. Жұмыс тобының ұсынысымен республикадағы телерадио арналар таратып отырған хабарларының көлемі талданды. Мұмкіндігінше оларды сақтап қалудың амалдары іздестірілді. Көптеген телерадио арналардың экономикалық жағдайлары ескерілді. Сөйтіп, бас комитет заң жобасын жасаушылармен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, қыншылықтан шығар жол тапты. Ол «20 пайызға» бірті-бірте көшу жолы еді, яғни, ретрансляциялауды 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап 50 пайызға, 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап 20 пайызға дейін шектеу қажет деген тоқтам жасалды.

Алайда, заң жобасы Мәжілісте алғаш қарағанда күрделі жағдайдың болғаны жасырын емес. Үкімет ұсынған жобаны қолдамайтын бірсыныра әріптестеріміз әлсін-әлсін өре түрегеліп, ретін тауып заң жобасын өткізбеуге үмтүліп, салыстырма кесте бойынша талқылауды тоқтатуға тырысып бақты. Кейбіреулері өздерін қай елдің азаматтары екенін шатастырып алды ма деп те ойлауға тұра

келді. Олардың әңгіме елдің рухани тәуелсіздігі туралы болып отырғанын түсінбегені өкінішті-ақ. Осыны байқаған бірер әріптесіміз заң жобасын қарауды келесі отырысқа ауыстыру жөнінде ұсыныс жасады. Мұны көвшілік депутаттар қолданы. Мәжілістің келесі отырысында әрпестеріміз түсіністікке келіп, заң жобасы мақұлданып, Сенатқа жіберілді. Сенат қабылдап, Президентіміз заңға қолқойды. Ол баспасөз бетінде жарияланды.

Заң жобасын Мәжілісте талқылау нені көрсетті? Біріншіден, осында үлттық тағдырына тікелей қатысты мәселелерді әңгіме еткенде депутаттар қатарында Шераған мен Фәкен (Фариза) сияқты үлт на-мысын ту етіп, оның абырайын асырып жүрген үлтжанды азаматтардың қатары көбірек болғаны абырай әкелді. Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралын, оның электрондық түрін де тек бизнес деп түсінушілік Парламенттегі кейір «жас қазақтардың» санасына қаты ұлаған сияқты. Тіпті олардың идеологиямен тек мемлекеттік телерадиоканалдар ғана айналысусы керек дегенін түсіну қыын болды. Сонда бұқаралық ақпарат құралы өнімдерінің түрін мазмұнынан қалай айыруға болады? Үшіншіден, үлттық болмыстардан алшак, орысша оқып, европаша тәлім-тәрбие алып ержеткен азamatтармен үлттың рухани дүниеге қатысты мәселелерді талқылау өте ауырекен. Ондай кісілер Қазақстан Республикасының «Үлттық қауіпсіздік туралы» заңында көрсетілген «басқа мемлекеттердің тарапынан ақпараттық экспансия жасау мен қоршауға жол бермеу үшін ақпараттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету қажеттігін түсіне бермейтін сияқ-

ты. Олар еліміздегі халықтың 50 пайызынан астамын құрайтын қазақтардың, басқа да өзтілдерінде хабар тыңдағысы келетін үлт өкілдерінің конституциялық құқығын үғына қоймайды екен.

Заң жобасының қабылдануына Елбасыныздың ерекше қолдана көрсеткенін айта кеткен артық болмас. Президентіміз «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясында болған сөзінде: «Егер Қарулы күштер мемлекеттің қауіпсіздігін, оның аумақтық тұтастығын қамтамасыз етіп, қандай да бір сыртқы жаулардан қорғау қажет болса, бұқаралық ақпарат құралдары адамдарды тәрбиелеп, рухани салаға асер ету арқылы біздің мемлекетіміздің қауіпсіздігіне өзінің ықпалын тигізеді» деген болатын.

Заң жобасы Мәжіліс комитеттерінде, жұмыс тобында талқыланып жатқанда республикалысыздың түкпір-түкпірінен қолдан, хат жазғандардың да болмағанын айтқан жөн. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Рабат елді мекенінен хат жолдаған Балабек Естайұлы: «Қалың қазақтың үлттының салт-дәстүріне сай, мәдениетіне лайық хабарларды көруге, құлағымен естуге, баспа-сөзден оқуға құқығы жоқ па? – дей келіп, – Телерадио хабарларындағы жезөкшелік пен атыс-шабыс, кісі өлтіру, адам тонау сияқты түрлі сұрқиялыштарға қазір тыйым салынбаса, кейін кеш болады» деп жазыпты. «Егемен елдің үлттық идеологиясына сырттан қол сүғуға жол беруге болмайды. Бұл – тәуелсіздік талабы!» депті Алматы қаласы әкімшілігі тіл басқармасының кеңейтілген алқа мәжілісіне қатысушылар. Реті келген осы бір

сәтті пайдаланып, заң жобасы жөнінде құрылған жұмыс тобының жетекшісі ретінде біздерге қолдау көрсетіп, хат жолдағандардың барлығына ризашылық сезімімізді білдіргіміз келеді.

Ретрансляциялық хабарларды шектеу жөніндегі тұжырыммен келіспеушілік Заң қабылданып кеткенмен әлі де барышылық. Бұл туралы не айтуға болады? Біріншіден, әлемдік ақпарат кеңістігінде мазмұнды мемлекет, қоғам, халық мүддесіне сәйкес реттеу деген қашаннан бар дүние. Өзінің бүгін мен келешегін ойлаған қоғам мұндай қадамға бармай тұрмайды. Мысалы, теледидарларында шетелдік хабарлардың шектен тыс көрсетілуі Ресейдің өзін қатты алаңдатып отыр. Екіншіден, телерадиохабарлар жиіліктері – қоғамдық ресурс және тапшы тауар. Сондықтан қоғам оны тиімді пайдалануды қалайды, елдің үлттық және мәдени сұранысын қанағаттандыруды талап етеді. Үшіншіден, Үкімет ұсынысы Конституциямызға, мемлекетіміздің басқа елдермен келісімдеріне тіпті де қайши келмейді. Бұны тиісті құжаттарды зерделеп оқығандардың аңғаруы қын емес. Ата заңын 20-бабының 2-тармақшасында «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар» делінген. Үкімет ұсынысының оппонеттері осы тармақшадағы «заң жүзінде тыйым салынбаған» деген қағиданы байқамай қала береді.

Ия, сонымен «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оның республика журналистер қауымында, қаламгерлерге қатысты әр түрлі үйімдарда, парламентте жан-жақты талқыла-

нуы көптеген қордаланып келе жатқан бірсыптыра мәселелердің оң шешімін табуына игі ықпал етті. Біле білгенге, бұл заңнан журналистер қауымы үтпаса, үтылмасы анық. Заңға сәйкес шетел хабарларын таратуды шектеген телерадио компанияларында жаңа жұмыс орындары ашылуы тиіс.

Заң жобасы мәжілісте талқыланып жатқан кезде Елбасы Үкіметке отандық бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау мақсатында құн салығынан (КҚС) босату жөнінде тапсырма берді. Сөйтіп, кино өнімдері мен бейнеклиптерді (жарнама роликтерін қоса алғанда) қоспағанда, өз өндірісінің теле мен радио өнімдерін өндіру және сату жөніндегі айналымдарға КҚС-ның нөлдік ставкасы белгіленді. Сондай-ақ, теледидар және радио хабарларын таратуға арналған радиожиілік спектрін пайдаланған үшін жылдық ақы төлеудің орнына, бір жолғы алым төлеудің жеңілдетілген тәртібі белгіленді. Бұның барлығын нақты қамқорлық деп білу керек.

Енді республика ақпарат кеңістігінде жаңа жағдай қалыптасады болар. Отандық телерадио өнімдерін жасауға жол ашылды. Телерадио журналистеріне сұраныс пайда болып, олардың кәсіби шеберлігін жетілдіре түсідің қажеттігі туды. Ақпарат құралдарының тілі туралы заңдық нормаларды сақтауға да игі қадам жасалды.

Сөз соңында, бұқаралық ақпарат құралы, әсіресе, оның осы кезге дейін қатты сынға үшырап келген электронды түрі халқымыздың бағына айналады деген сенімнің көкейімізге орныға бастағанын айтқымыз келеді.